Бір көзден мемлекеттік алу сатып алу жөніндегі комиссия отырысының №7 хаттамасы

Бәйгетөбе округі «07» қараша 2022 жыл

Төрағалық етуші, комиссия төрағасы: К.Тулеуов – Бәйгетөбе округ әкімі;

Комиссия мүшелері: З.Длекеева – Бәйгетөбе округі әкімі аппаратының жетекші маманы, А.Жумаханова – Бәйгетөбе округі әкімі аппаратының бас маманы, Г.Айтжанова – Бәйгетөбе округі әкімі аппаратының бас маман-есепшісі.

Комиссия хатшысы: А.Кунбаева – Бәйгетөбе округі әкімі аппаратының бас маманы.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. *Бәйгетөбе округ әкімдігінің бағдарламалық жасақ пен балама жүйелерді біріктіру бойынша, электр энергиясы үшін*

Бәйгетөбе округ әкімдігі бағдарламалық жасақ пен балама жүйелерді біріктіру бойынша қызметтеріне, электр энергиясы үшін жергілікті бюджеттен 1 662 471 теңге қаражат бөлінді.

2001 жылғы 23 қаңтардағы №148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 37 бабының және 2015 жылғы 04 желтоқсандағы №434-V «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 39-бабының 3 тармағының 1, 3 тармақша негізінде бір көзден мемлекеттік сатып алу ұйымдастырылсын.

Аталған заңды басшылыққа ала отырып, комиссия төрағасы және комиссия мүшелері күн тәртібіндегі мәселені талқылап, Бәйгетөбе округ әкімдігінің бағдарламалық жасақ пен балама жүйелерді біріктіру бойынша қызметтері, электр энергиясы бойынша «Бәйгетөбе округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінің бас маман-есепшіге Г.Айтжановаға келесідей жұмыстар тапсырылды:

1. Мемлекеттік сатып алу порталының жоспарына өзгеріс енгізілсін;
2. Бір көзден мемлекеттік сатып алу үшін әлеуетті өнім берушілерді анықтау жұмыстары ұйымдастырылсын.

Комиссия төрағасы **К.Тулеуов**

Комиссия мүшелері **З.Длекеева**

А.Жумаханова

Г.Айтжанова

Комиссия хатшысы **А.Кунбаева**